

Абилдаева Джылдыз Бакаевнаның 8D08101 «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында ас бұршақтың жаңа сорттарының сорттық технологиясын әзірлеу» тақырыбына дайындаған диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Абилдаева Джылдыздың 8D08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған «Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында ас бұршақтың жаңа сорттарының сорттық технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына сәйкес орындалған. Докторанттың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік бағдарламасы мен жобасы (2021-2023 жж.) шеңберінде «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС - дегі дәнді-бұршақты дақылдар мен жүгері зертханасында орындалды: - BR 10765000 «Дәнді-бұршақты дақылдардың жоғары өнімді сорттары мен будандарын жасау биотехнологияның, генетиканың, физиологияның, өсімдіктердің биохимиясының жетістіктері негізінде оларды Қазақстанның әртүрлі топырақ - климаттық аймақтарында орнықты өндіру үшін»; BR 22885414 «Заманауи биология әдістерінің негізінде дәнді-бұршақты дақылдардың жоғары өнімді сорттарын құру, олардың сорттық технологиясын және бастапқы тұқым шаруашылығын әзірлеу» (2024-2026 жж.)
2.	Ғылым маңыздылығы үшін	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы суармалы егіншілік жағдайында ас бұршақтың жаңа сорттарының сорттық технологиясын жетілдіруге, өнімділікті арттыру мен

			ресурстық тиімділікті камтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы арқылы жұмыс ауыл шаруашылығы ғылымына, өсімдік шаруашылығын тұрақты дамыту мен агротехнологиялық процестерді оңтайландыру ісіне елеулі ғылыми және практикалық үлес қосады. Жұмыстың маңыздылығы толығымен ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Автордың дербестік деңгейі жоғары деп бағаланады. Ғылыми жұмыста авторлық ұстаным, зерттеу міндеттері дербес түрде қою, мәліметтер жинау, өңдеу тәсілдері айқын көрініс тапқан.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген;	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі ауыл шаруашылығы ғылымының басым бағыттарына сәйкес негізделген . Зерттеу ас бұршақтың жоғары өнімді жаңа сорттарын өсіруге арналған тиімді агротехнологияларды әзірлеуге бағытталған. Бұл мәселе еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінде өнімділікті арттыру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісінің экологиялық тұрақтылығын камтамасыз ету тұрғысынан аса маңызды болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбының мәні мен мақсат-міндеттерін толық айқындайды . Жұмыс құрылымы мен нәтижелері таңдалған бағыттың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығын ашады. Зерттеу жұмысының құрылымы мен алынған нәтижелері таңдалған ғылыми бағыттың теориялық негіздерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, оның ғылыми-тәжірибелік маңыздылығын айқындайды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді және оның мазмұнын, ғылыми бағытын, зерттеу әдістері мен алынған нәтижелерін негіздейді.

		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен тұжырымдары өзара <u>толық байланысқан</u> , жұмыста мәселенің қойылуы мен әдебиеттерге шолудан бастап, әдістемесі, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларына дейін бірізділік сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа ғылыми шешімдер мен әдістердің негіздемесі келтіріліп, олардың тиімділігі мен артықшылықтары дәстүрлі тәсілдермен салыстырылып бағаланған, <u>сыни талдау бар</u> , ол басқа авторлар сілтемелеріне негізделген және ғылыми деректермен дәлелденген.
		5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер <u>толығымен жаңа</u> . Қорытындылар толықтай жаңашыл сипатқа ие болып, автордың дербес ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде алынған. Жұмыста бұрын-соңды зерттелмеген ғылыми мәселелер қарастырылып, оларды шешуге бағытталған нақты тұжырымдар ұсынылған. Бұл қорытындылар ауыл шаруашылығы ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары <u>толығымен жаңа</u> болып табылады. Қорытындылар түпнұскалық сипатқа ие болып, кең көлемдегі далалық және зертханалық бақылауларға негізделген. Олар бар мәліметтерді қайталамай, тақырып бойынша ғылыми түсініктерді кеңейтеді және толықтырады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Диссертациялық жұмыстың агротехникалық, экономикалық шешімдері <u>толығымен жаңа</u> болып табылады, ғылыми деректермен және тәжірибелік нәтижелермен жан-жақты негізделген. Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға және

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	агротехнологиялық процестерді жетілдіруге бағытталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациядағы барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды және сенімді дәлелдемелерге негізделген, олар эксперименттік деректермен, статистикалық талдаулармен және әдеби дереккөздермен жан-жақты расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	7.1 дәлелденді 7.2 ия 7.3 ия 7.4 кең

		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақалада ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.5 ия
8.	Дәйектілік кагидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	ия
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	ия
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	ия
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /ішінара расталған/ расталмаған.	Тұжырымдар өзекті ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> . Диссертациядағы барлық маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған, олар заманауи отандық және шетелдік зерттеулердің деректеріне сүйенеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби	Қолданылған әдебиеттер тізімі жеткілікті. Әдебиеттер

		шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз.	тақырыптың ғылыми негізін терең ашуға, зерттеу нәтижелерін салыстырмалы талдау арқылы дәйектеуге және зерттеу бағытының халықаралық деңгейдегі өзектілігін көрсетуге мүмкіндік береді.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	ия
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар <u>толығымен жаңа</u> және ғылыми тұрғыдан негізделген. Автор ұсынған шешімдер ас бұршақтың жаңа сорттарын өсіру технологиясын жетілдіруге, оның өнімділігін арттыруға және өндірістік ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған. Ұсынылған технологиялық тәсілдер ауыл шаруашылығы өндірісінде практикалық тұрғыда қолдануға жарамды және агрономиялық тәжірибеге енгізуге ғылыми негізделген мүмкіндік береді.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	жоғары
11.	Диссертацияға ескертулер		1.Мәтінде жекеленген орфографиялық және тыныс белгілері бойынша техникалық қателер кездеседі; қорғауға дейін оларды редакторлық өңдеуден өткізу ұсынылады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу		Докторант диссертациялық жұмыс пен ғылыми мақалаларда қорғауға ұсынады, бұл талаптарға сәйкес

	тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		келеді және нәтижелерінің рецензияланған журналдарда жариялану арқылы дербес ғылыми зерттеудің жүргізгенін растайды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)		Абилдаева Джылдыз Бакаевнаның «Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында ас бұршақтың жана сорттарының сорттық технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сай келеді. 8D08101 «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
 КеАҚ зерттеуші-профессоры,
 ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
 қауымдастырылған профессор :

И.А. Тауенов

И.А. Тауенов

қолды РАСТАЙМЫН
 ЗАВЕРЯЮ подпись

